

Мөрдін
орны

Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары
Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес)
Бағыты: Оқу жүктемесі төмендетілген
Білім беру ұйымының атауы: _____
Сынып: 9 Литер: ____
Білім алушылардың аты жөні: _____

**Жаңа типті (гимназия, лицей) мектептерге арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9- сынып
2-нұсқа**

1-тапсырма. Төменде берілген мәтінді оқыңыз.

Жасыл экономика

Қазіргі қоғамда «жасыл» экономика сөз тіркесі барынша жиі қолданыла бастады. Бірі бұл елдің табиғатын жақсартатын экономиканың жаңа салалары деп түсінеді. «Жасыл экономика» тұжырымдамасы елімізде 2013 жылы қабылданды. Бұл тұжырымдама экологиялық апаттың алдын алуға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға, қоршаған ортаны қорғауға негізделген. «Жасыл экономика» табиғи энергия көздерін тиімді пайдалануға, табиғи таза өнім шығаруға бағытталған.

«Жасыл» экономика — жаңа ғасырдың жетістігі. Мұның нәтижесінде табиғи ресурстар да ысырап болмай, тиісті деңгейде пайдаланылады. Себебі бүгінде қуат көзінің шамадан тыс қолданылуы үнемшілдікті ұмыттырып барады. Жаңа технологияның арқасында бірқатар балама қуат көзі пайда болды. Мәселен, кейбір елдерде жел, күн энергиясының өзінен қуат көзі алынады. Балама қуат көзі - дербес экономиканы қалыптастырады. «Жасыл» экономиканың тиімділігін арттырып, энергия көзін үнемдеуді қамтамасыз етеді. Жылу энергиясы және электр, газ өндірісі, су ресурстарын пайдалану, ауыл шаруашылығын дамыту, өнеркәсіп қалдықтарын қайта өңдеу, көлік және жол инфрақұрылымы - жасыл экономиканың негізгі секторлары болып табылады. Қазақстанда энергия көздеріне салынған халықаралық инвестициялардың көлемі қазба байлықтарының негізінен алынады. Біз қазір қуатты көмірден, газдан, мұнайдан аламыз. Энергия көздерінің дамуына қарай өсімнің тиімділігі өте зор. Болашақ энергия көздері еліміз үшін өте қажетті, пайдалы ресурс «Жаңартылатын энергия – таусылмайтын көздерден алынатын энергия. Жаңартылатын энергияның негізгі қағидаты - оны қоршаған ортада үнемі болып жататын процестерден алуға және оны өндірістік әрі тұрмыстық қажеттілікке пайдаланады. Жаңартылатын энергия табиғи жолмен жаңарып тұратын табиғи ресурстардан алынады. Жаңартылған энергия көздері пайдалы. Адамдар «жасыл экономика» сөзінің мағынасын түсінеді. Біріншіден, елдің табиғатын жақсартатын экономиканың жаңа саласы. Екіншіден, адамдар табиғатқа пайда келтіруге бағытталған жаңа технология ретіндегі экожүйе деп есептейді. Үшіншіден, экологиялық таза өнімдерді құру мен дамытудың жаңа кезеңіне ауысу деп санайды.

Жасыл экономика бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану мен дамытудың көзі. Жасыл

экономика ресурстарды үнемді пайдалануға бағытталған. Жасыл экономиканың негізіне таза немесе жасыл технологиялар жатады. Болашақ энергияны дамыту көптеген елдерде экологиялық дағдарысты болдырмауға мүмкіндік береді. Қазақстан табиғи қорларымен бай мемлекет ретінде танылған. Мұнай, газ, көмір дүниежүзінде ең ірі энергетикалық қорлардың бірі ретінде қалыптасқан.

Жасыл экономика - бұл адам өміріне ең қажетті өндіріс саласы. XXI ғасырдың экономикалық моделі - жасыл экономика. Бұл елдердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал. Еліміздің болашақ ұрпағы - өз санасын қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуі керек. Адам табиғат байлықтарын дұрыс пайдаланса ғана келер ұрпаққа жеткізе алады. (350 сөз).

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

Пайдалану - _____ [1]

Аумағы - _____ [1]

Келешек - _____ [1]

Әлемде - _____ [1]

Кісі - _____ [1]

Барлығы: [5 балл]

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.

Мысалы:

Қазақстанның жасыл экономикасы бойынша халықаралық деңгейде міндеттер қабылданды.

Халықаралық _____

Жауабы: Халықаралық деңгейде Қазақстанның жасыл экономикасы бойынша міндеттер қабылданды.

1 «Жасыл экономика» тұжырымдамасы елімізде 2013 жылы қабылданды.

Елімізде _____ [1]

2. Балама қуат көзі — дербес экономиканы қалыптастырады.

Дербес экономиканы _____ [1]

3. Қазақстанда энергия көздеріне салынған халықаралық инвестициялардың көлемі қазба байлықтарының негізінен алынады.

Энергия көздеріне _____ [1]

4. Энергия көздерінің дамуына қарай өсімнің тиімділігі өте зор.

Өсімнің _____

[1]

5. Жасыл экономика табиғи қорларды тиімді пайдалану мен дамытудың көзі болып табылады.

Табиғи қорлар _____

[1]

6. «Жасыл экономика» экологиялық таза өнімдерді құру мен дамытудың жаңа кезеңі болып табылады.

Экологиялық _____

[1]

7. Жасыл экономиканың негізіне таза немесе жасыл технологиялар жатады.

Жасыл технологиялар _____

[1]

8. Мұнай, газ, көмір дүниежүзінде ең ірі энергетикалық қорлардың бірі ретінде қалыптасқан.

Ең ірі _____

[1]

9. Еліміздің болашақ ұрпағы-өз санасын, қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуі керек.

Қоршаған ортаға _____

[1]

10. Адам табиғат байлықтарын дұрыс пайдаланса ғана келер ұрпаққа жеткізе алады.

Табиғат байлықтарын _____

[1]

Барлығы: [10+5=15 балл]

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.

1. Жасыл экономиканың дамуы қандай нәтиже береді?

[1]

2. Жасыл экономика неге негізделген? 2 мысал жазыңыз.

1. _____

2. _____ [2]

3. Жасыл экономика сөзінің мәні қандай? 2 мағынасын көрсетіңіз.

1. _____

2. _____ [2]

Барлығы: [5+5=10 балл]

**Жаңа типті (гимназия, лицей) мектептерге арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9- сынып
2-нұсқа**

Нақты балл қою кестесі

Тапсырма	Сұрақ	Жауабы	Балл	Қосымша ақпарат
1	1	қолдану	1	Ұсынылған сөздерге балама сөздер дұрыс жауапқа қабылданбайды. Сөздерде жіберілген орфографиялық қателер үшін балл саны шегерілмейді.
	2	көлемі	1	
	3	болашақ	1	
	4	дүниежүзінде	1	
	5	адам	1	
2	1	Елімізде 2013 жылы «Жасыл экономика» тұжырымдамасы / бағдарламасы қабылданды.	1	Білім алушы сөздердің орнын ықтимал жауаптардан бөлек өзгерте алады, бастысы ой мен сөйлем құрылымы сақталуы қажет. Жауаптардың ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет.
	2	Дербес экономиканы балама қуат көзі қалыптастырады.	1	
	3	Энергия көздеріне салынған халықаралық/ әлемдік инвестициялардың көлемі Қазақстанда қазба байлықтарының негізінен алынады.	1	
	4	Өсімнің тиімділігіне қарай энергия көздерінің дамуы өте зор.	1	
	5	Табиғи қорлар - жасыл экономиканы тиімді/ұтымды пайдалану мен дамытудың көзі болып саналады / есептеледі.	1	
	6	Экологиялық таза өнімдерді құру мен дамытудың жаңа кезеңі «Жасыл экономика» болып табылады.	1	
	7	Жасыл технологиялар немесе таза технологиялар жасыл экономиканың негізіне жатады.	1	
	8	Ең ірі/үлкен энергетикалық қорлардың бірі ретінде мұнай, газ қалыптасқан.	1	
	9	Қоршаған ортаға деген көзқарасын / пікірін, санасын, еліміздің болашақ / келешек	1	

		ұрпағы өзгертуі керек.		
	10	Табиғат байлықтарын адам / халық дұрыс пайдаланса / қолданса ғана келер ұрпаққа / болашаққа жеткізе алады.	1	
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
3	1	Табиғи ресурстар ысырап болмай, тиісті деңгейде пайдаланылады. Елдердің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.	1	Білім алушының мәтін ақпаратын қолданып өз сөзімен жазған жауаптары қабылданады. Бірақ жауаптар ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет. Мәтінде айтылған ақпараттар негізінде берілуі керек.
	2	1. Экологиялық апаттың алдын алуға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға; 2. Қоршаған ортаны қорғауға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға.	1 1	
	3	1. Табиғатты жақсартатын экономиканың саласы; 2. Жаңа технология ретіндегі экожүйе, таза өнімдерді құру мен дамытудың жаңа кезеңіне ауысу.	1 1	
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
Барлығы			30	